

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 20 сәуір

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Кеше Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңес өткені белгілі. Жиынға атқарушы билік өкілдерімен бірге бір топ Парламент депутаты, сонымен қатар мәслихаттардың төрағалары алғаш рет қатысты.

Кеңес барысында Президент елімізде ауқымды саяси өзгерістердің алғашқы кезеңі аяқталғанын атап өтті. Сондай-ақ алдағы уақытта қоғамдық-экономикалық қатынастарды жандандыру қажет екенін айтып, осы бағыттағы негізгі мақсат-міндеттерді айқындап берді. Мемлекет басшысы әр өңірдегі бірінші кезекте шешуді талап ететін мәселелерге Үкіметтің және жергілікті биліктің назарын аударды.

Жалпы, Президент белгілеген міндеттерді іске асыру үшін Сенат қажетті заңнамалық шешімдерді Мәжіліспен және Үкіметпен бірлесіп қабылдайтын болады. Сондай-ақ айтылған мәселелерді жұмыс барысында басшылыққа алып, оларды Сенаттың негізгі іс-шаралар жоспарын іске асыру кезінде жан-жақты ескеруіміз қажет. Осы бағытта бәріміз бірге нәтижелі еңбек етеміз деп сенемін.

Құрметті әріптестер, енді жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңды ұсынамыз.

2021 жылғы 25 қазанда екі елдің үкіметтері арасында Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімге қол қойылған болатын. Заң бойынша мұндай келісімдер ратификациялануы тиіс. Жалпы, шекараны белгілеу және оны делимитациялаудан кейін шекарада тиісті тәртіпті орнату көзделеді. Бұл келісім арқылы жол мәселесі, өткізу пункттеріндегі жағдай және басқа да назар аударуды қажет ететін мәселелерден туындайтын барлық жағдайларды реттеу күтілуде.

Келісімнің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы мемлекеттік шекарадағы қатынастарды құқықтық негізде құру және реттеу.

Мемлекеттік шекараның режимі шекарада қолданылып жүрген ережелермен келесі тәртіпті құрайды:

- 1) мемлекеттік шекараны ұстау;
- 2) мемлекеттік шекара арқылы адамдардың, көліктердің, жүктердің және басқа да мүліктің өтуі;
- 3) мемлекеттік шекараның үстінен ұшуларды жүзеге асыру;
- 4) мемлекеттік шекарада, шекаралық белдеулерде, сондай-ақ шекаралық сулар шегінде шаруашылық және өзге де қызметтерді жүзеге асыру;
- 5) шекарадағы тосын оқиғаны шешу.

Мәлімет ретінде: Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын қорғау үшін бір шекара бөлімшесі, төрт шекара заставасы және радиолокациялық станциялармен жабдықталған тоғыз техникалық бақылау бекеті, екі өткізу пункті жұмыс жасап тұр.

Келісімде азаматтар мен жүк көліктерінің шекарадан өтуіне тиісті жағдай жасау үшін қажетті нормалар ескерілген. Бұл өз кезегінде екі ел халқының қарым-қатынасына оң әсер етіп, шекарашылардың қарым-қатынасын да реттемек.

Келісім Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимін белгілеуді және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін одан әрі нығайтуды көздейді. Өйткені мемлекеттік шекарада әртүрлі шекаралық қақтығыстар туындауы мүмкін.

Аталған қақтығыстар тараптардың шекаралық өкілдерімен қаралады. Қақтығыстардың туындауына жаяу тәртіппен немесе көлік құралдарын қолдану арқылы шекаралық белгілерді бұлдіру, тараптардың шекарашыларымен келісуден өтпеген жергілікті тұрғындар мен ауыл шаруашылығы жұмысын жүргізу кезінде немесе трансшекаралық нысандарда қызметкерлер мен жұмысшылар жұмыс жүргізу кезінде шекара режимін бұзу, көршілес аумаққа үй жануарларын заңсыз өткізу, көршілес аумаққа өрттің өтуі барысында мемлекеттік шекараны бұзу. Сондай-ақ соңғы жылдары жиі кездесетін пилотсыз ұшу аппараттарының көрші аумаққа заңсыз ұшып өту жағдайлары себеп болуы мүмкін.

Келісімді жүзеге асыру екі елдің мемлекеттік шекарасындағы тұрақтылықты және шекара маңындағы аудандардағы тыныштықты қамтамасыз етуге, шекаралық мәселелерді өзара құрмет, сенім, тең құқылық, достық және ынтымақтастық рухында реттеуге ықпал

етеді. Заңды қабылдау Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимін қамтамасыз ету жөніндегі шекаралық мәселелерді реттеуге мүмкіндік береді.

Шарт шектелмеген мерзімге жасалады және тараптардың бірі екінші тарапқа оны тоқтату ниеті туралы жазбаша ақпаратты дипломатиялық арналар арқылы бергенге дейін жарамды.

Түрікмен тарабы өз кезегінде 2022 жылдың сәуір айында осы келісімді ратификациялады.

Баяндалғанды ескере келе Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңды Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?
Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.
Менің сұрағым Шекара қызметінің басшысына.

Жалпы, Шекара қызметі елімізге басқа елдердің қол сұғылмаушылығын қамтамасыз ететін, шекара кеңістігінде заңдылық пен белгіленген тәртіпті сақтайтын, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы ерекше көзқарасты талап ететін салалардың бірі. Сондықтан шекара аумағында орын алған әрбір оқиға ел тұрғындарын алаңдататыны сөзсіз. Кейбір жағдайларда шекара аумағында орын алған оқиғалар елдер арасындағы қарым-қатынастың төмендеуіне алып келуі де мүмкін. Осыған байланысты менің келесі сұрақтарым бар.

Бірінші. Шекара қызметін тиісті деңгейде қамтамасыз ету үшін еліміздің бағдарламалық құжаттарында шекараны қорғауды дамыту мәселелері қарастырылған ба?

Екінші. Ведомство оларды іске асыру кезінде қандай негізгі проблемаларға тап болуда және оларды шешу үшін қандай шаралар қолданып жатырсыздар? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры Алдажұманов Ерлан Ерғалиұлы, жауап беріңіз.

АЛДАЖҰМАНОВ Е.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Мемлекеттік шекараны қорғауды дамыту үшін біз 2015 – 2020 жылдар аралығында екі кешенді жоспарды іске асырдық.

Бірінші кешенді жоспарды іске асыру үшін 2015 – 2017 жылдарға 124,5 миллиард теңге жоспарланған, 52,9 миллиард теңге (42 пайыз) бөлініп, одан 11,8 миллиард теңге қысқартылды.

Екінші кешенді жоспарды іске асыру үшін 2018 – 2020 жылдарға 54 миллиард теңге жоспарланған, 51,9 миллиард теңге (96 пайыз) бөлініп, одан 500 миллион теңге қысқартылды. Екі кешенді жоспарды іске асыруға қаражат 56 пайызға бөлінді.

2020 жылы 2021 – 2025 жылдары мемлекеттік шекараны дамыту үшін мемлекеттік бағдарлама әзірленді. Содан кейін мемлекеттік жоспарлаудың өзгеруіне байланысты мемлекеттік бағдарламаның орнына «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы бекітілді. Бұл жобада Шекара қызметінің қажеттілігі үшін 883 миллиард теңге қарастырылған, бірақ 50 шекара заставасын салу үшін 71 миллиард 40 миллион теңге ғана бекітілді.

Екінші сұрақ. Дамыту бағдарламаларын іске асырудың негізгі проблемалары:

- 1) алғашқы жоспарланған ақшалай қаражаттың қысқартылуы;
- 2) шекараны күзетудің техникалық құралдармен жабдықталуы нашар.

Қазіргі уақытта шекараның 16 пайызы ғана жабдықталған. Сол проблемаларды шешу үшін біз Мәжіліс пен Сенаттың Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеттеріне жүгініп, 2021 жылы 11 миллиард теңге, 2022 жылы 20 миллиард теңге қосымша ақшалай қаражат бөлінді. Осы жылы 17 сәуірде біздің бастамамыз бойынша аталған Мәжіліс комитетінің, Қауіпсіздік Кеңесінің, Қаржы министрлігінің және Ұлттық экономика министрлігінің қатысуымен шекара қызметінде қаржыландыру проблемалары бойынша бірлескен кеңес өткізілді. Қазіргі жағдайды ескере отырып проблемалардың шешу жолдары жоспарланды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Сол жоспарланған жолдарды бізге де айтып отырыңыздар, мәселелер болса біз де өз тарапымыздан қараймыз. Келесі жылдардың бюджеттерін қарастырған кезде осы мәселеге біз де назар аударамыз, өйткені шекара біздің қауіпсіздігіміздің негізі. Осында отырған біраз депутат шекаралас облыстардан келген біздің әріптестеріміз, сондықтан бәріміз шекараға көмектесуге, материалдық-техникалық базасын күшейтуге мүдделіміз. Сол себепті сіздер де бізге осы мәселелерді айтып отырыңыздар, біздің тиісті комитетпен жұмыс істеңіздер. Біз де өз тарапымыздан қордаланған мәселелерді шешуге үлесімізді қосатын боламыз.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Өтеғұлов Арман Кәрімұлына беріледі.

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым баяндамашы депутат Алишер Гапиржанұлына бағытталады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімнің 12-бабында шекараны күзету саласындағы уәкілетті органдарға мемлекеттік шекараны күзету бойынша міндеттерді орындау кезінде мемлекеттік шекараны өзге тәртіппен кесіп өту құқығы берілген. Осыған байланысты сұрақ туындайды.

Мемлекеттік шекараны кесіп өтудің қандай өзге тәртібі туралы сөз қозғалып отыр?

Шекараны кесіп өтудің бірыңғай тәртібі бар ма және оның шекаралас елдердегі, мысалы, Қырғызстан мен Өзбекстан шекарасындағы тәртіптен қандай ерекшеліктері бар? Рақмет.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Арман Кәрімұлы, сұрағыңызға рақмет. Бұл негізі практикада қолданылатын ереже болып саналады. Бұл жердегі басты мәселе мынада, шекаралық ведомство өкілдерінің шекараны күтіп ұстау, бағаналар құлаған кезде, басқа кезде түзету,

дау-жанжалдарды шешу барысында іргелес жатқан мемлекеттің территориясына өту жағдайлары кездеседі, ол заңдылық. Сондай-ақ шекараны бірнеше жерден кесіп өтетін жолдар бар, сол жолдардан жүріп-тұруда осындай фактілер кездеседі. Бұл бүгінгі таңда қолданылатын тәжірибе және де ертеректегі Түрікменстан-Қазақстан шекара өкілдерінің қызметін регламенттейтін заңдармен келісілген мәселе. Ал енді өзге көрші мемлекеттерге келсек, мысалға Қырғызстанды алатын болсақ, осындай баптар ол жерде енгізілген. Өзбекстанға келетін болсақ, бүгінгі таңда заң жобасы қабылданып отыр, ол жерде де енгізілген. Ол жерде жолдар мәселесі және шекараға жақын тұрған құдықтардан су алу мәселелері ерекше қаралатын, пайдалануға мүмкіндік беретін мәселе ретінде көрсетілген. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерлан Ерғалиұлы, өз тарапыңыздан қосарыңыз бар ма?

АЛДАЖҰМАНОВ Е.Е. Жоқ.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің директорына.

Келісімді қабылдау Қазақстан-Түрікменстан қарым-қатынастарының стратегиялық сипатын нығайтуға және бауырлас халықтарды одан әрі жақындастыруға септігін тигізеді деп ойлаймын.

Атап өтетін жағдай, Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы өткізу пункттерінің арасы екі километрді құрайды, оның 1 километр 900 метрі Қазақстанға, ал қалған 100 метрі Түрікменстанға тиесілі. Өткізу пункттерінің жабдықталмауы себебінен халық күннің ыстығында, қыстың аязында екі километр жерді жаяу өтуге мәжбүр және де оның қашан шешімін табатыны да белгісіз. Осы мәселе Мәжіліс отырысында да көтеріліп, оған сіздер норма күшіне енгеннен кейін жергілікті өкілдермен бірге тасымалдау ұйымдастырылады деп жауап бердіңіздер. Осыған байланысты келесі сұрақтар туындап отыр.

Бірінші. Жалпы, шекарадағы өткізу пункттерін жабдықтау бойынша жауапкершілік кімге жүктелген?

Екінші. Аталған мәселеге қатысты сіздердің тараптарыңыздан қандай жұмыстар атқарылуда, тиісті қаражаттар бөлінді ме және мәселе қашан, қай уақытта шешіледі?

ТӨРАҒА. Ерлан Ерғалиұлы, жауап беріңіз.

АЛДАЖҰМАНОВ Е.Е. Дұрыс, ол өткізу пунктінде осындай проблема бар, екі өткізу пунктінің арасында екі шақырым жол бар. Бірақ осы келісімнің 13-бабына сәйкес тараптар мемлекеттерінің автомобильдік өткізу пункттері арқылы аталған адамдар мен олардың жүктерін тасымалдауға рұқсат етілген. Аталған тасымалдарды шекара ведомстволарының келісімі бойынша уәкілетті органдар ұйымдастырады деп көрсетілген. Аталған келісім ратификацияланғаннан кейін бұл проблема шешілетін болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрмұхамбетов Ғауез Торсанұлына беріледі.

НҰРМҰХАМБЕТОВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Шекара қызметінің директорына және Қаржы министрінің өкіліне.

Протяженность казахстанско-туркменской государственной границы составляет 458 километров. Населенные пункты вблизи границы отсутствуют, функционируют два пункта пропуска «Темир баба» (автомобильный) и «Болашак» (железнодорожный).

Интенсивность движения людей, товаров и грузов через государственную границу после снятия карантинных ограничений и усиления санкционного противостояния увеличилась в 2,5 раза.

Прибывающие транспортные средства по направлению въезда в Республику Казахстан при прохождении транспортного контроля с применением автоматизированных систем измерения весовых параметров имеют превышение допустимых осевых нагрузок. По обращению перевозчика допускается проведение разгрузки.

Учитывая, что на таможенном посту отсутствуют условия проведения разгрузочно-погрузочных работ и спецтехника, перевозчики в целях устранения данных несоответствий нанимают из близлежащего населенного пункта (это город Жанаозен, который находится в 170 километрах от пункта пропуска) грузчиков и технику. Из-за отсутствия дорожного покрытия на протяжении 70 километров ожидание занимает около трех-четырёх часов.

Учитывая, что на таможенном посту находится только одно крытое помещение (здание для углубленного досмотра), в котором проводится таможенный досмотр, и один таможенный досмотр занимает около пяти-шести часов, остальным перевозчикам приходится ожидать своей очереди, в том числе для устранения выявленных осевых нагрузок.

В связи с этим вопрос: какие меры принимаются в контрольно-пропускном пункте при переходе людей, а также для ускорения пропуска грузов и товаров, в том числе скоропортящихся, через государственную границу? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерлан Ерғалиұлы, жауап беріңіз.

АЛДАЖҰМАНОВ Е.Е. Спасибо за вопрос.

На данном участке государственной границы существуют два пункта пропуска – «Болашак» (железнодорожный) и «Темир баба» (автомобильный).

По железнодорожному пункту пропуска «Болашак» в среднем интенсивность составляет шесть железнодорожных составов (три к нам и три от нас) в сутки. За 2022 год через данный пункт пропуска пропущено 1629 поездов. В принципе, проблем нет, потому что на станции дальше маршруты окончательно идут в другие точки.

По автомобильному пункту пропуска «Темир баба». Он многосторонний, дневной, то есть пропуск граждан и автомобильной техники осуществляется только в дневное время. В среднем 100-150 человек и до 100 единиц транспортных средств пересекают

государственную границу. За 2022 год пропущено около 25 тысяч человек и 19 тысяч транспортных средств.

Из Республики Казахстан, как правило, перемещаются пшеница, мука, кондитерские и макаронные изделия, подсолнечное масло, специальная техника, товары народного потребления, медикаменты, овощи, оборудование, косметические изделия и продукты питания, в Республику Казахстан – кокс, сухофрукты, мрамор, керамика, бытовая химия, нефтяное оборудование, товары народного потребления и текстиль.

В принципе, по вопросам проверки документов лиц проблем ожидания, очередей не возникает, потому что до 100-150 человек – это неproblemный вопрос. По оформлению паспортного контроля максимальное время для проверки одного человека занимает по стандарту до трех минут, в среднем одна минута на проверку через информационные системы. В этой связи на линии паспортного контроля у нас очередей и загруженности нет.

Вопрос оформления грузов относится к компетенции таможни. В принципе, таможенные органы работают в рамках законодательства в этой сфере. Мы с ними по всем этим вопросам взаимодействуем.

Также хочу отметить, что в этом году началась реконструкция данного пункта пропуска. Окончание планируется в следующем году, в третьем квартале. Я думаю, что после реконструкции все условия будут созданы, и техническое обеспечение данного пункта пропуска будет соответствовать современным стандартам.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. По линии Пограничной службы, может быть, вопросов нет, как Гауез Торсанович говорит, есть вопросы, видимо, по линии таможни, то, что стоят грузы, люди часами ожидают, чтобы перевезти свой груз, но там могут быть и скоропортящиеся продукты, особенно в летнее время это очень актуально. Поэтому давайте послушаем ответ представителя Министерства финансов.

Осы сұраққа жауап беру үшін сөз Қаржы вице-министрі Кеңбеил Дәурен Маратұлына беріледі.

КЕҢБЕИЛ Д.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

По поводу таможенного оформления и пропуска скоропортящихся товаров. Маулен Сағатханұлы, как таковых проблем нет, интенсивность в пункте пропуска «Темир баба» в среднем 60-70 автомобилей в сутки.

По скоропортящимся товарам у нас есть отдельное окно, скоропортящиеся товары, другие приоритетные товары и лица переходят в приоритетном порядке.

Как сказал Директор Пограничной службы, на сегодняшний день за счет привлечения льготного займа Эксимбанка Китая мы реализуем проект по реконструкции девяти пунктов пропуска и одного железнодорожного на внешних границах Евразийского экономического союза. И один из них пункт пропуска «Темир баба». В рамках реконструкции данного пункта пропуска предусматривается комплекс расширительных мероприятий, в том числе строительство таможенного пункта пропуска, расширение полос движения, оснащение современными средствами по досмотру, это ИДК и другие аппараты, которые взвешивают товары, способствуют быстрому оформлению товаров.

Мы считаем, что с реконструкцией данного пункта пропуска ситуация в корне изменится, товары будут быстрее проходить через пункт пропуска. Спасибо.

ТӨРАҒА. Хорошо. Но если есть разные мнения, пожалуйста, в письменной форме ответьте на этот вопрос, всю необходимую информацию, как обеспечивается работа со стороны таможенных органов, предоставьте Гауезу Торсановичу.

Когда в ближайшее время депутаты поедут в соответствующие регионы, они заедут, посмотрят, убедятся, проверим ту информацию, которую вы будете нам предоставлять. Договорились?

КЕҢБЕИЛ Д.М. Хорошо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Алишер Гапиржанович. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма? Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының көршілес мемлекеттермен шекараларын халықаралық-құқықтық ресімдеу маңызды және өзекті мәселелердің бірі. Бұл біздің еліміздің егемендігін, аумақтық тұтастығын және ұлттық қауіпсіздігін сақтауына кепілдік береді.

Түрікменстан мемлекеті Қазақстанның Орталық Азиядағы стратегиялық серіктестерінің бірі болып табылады. Мемлекетаралық шекара мәселесі Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының іргелі қағидаттарын мүлтіксіз сақтау шартымен және белгіленген халықаралық құқық талаптары аясында достық, сенім және тату көршілік жағдайында қалыптасқан. Түрікменстан мемлекетімен шарттық-құқықтық базасында жүзден астам құжат рәсімделген.

Мемлекет басшыларының жоғары деңгейдегі өзара іссапарлары сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттырды, тұрақты саяси диалогты қалыптастырды. 2021 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Мемлекет басшысы ретінде Ашхабадқа алғашқы мемлекеттік сапарын жасады. Сапар барысында 20 екіжақты құжатқа қол қойылды. Олардың арасында Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын делимитациялау және Каспий теңізіндегі балық аулау аймақтарының аралас учаскелерін бөлу туралы шарт ерекше орын алды. Сондай-ақ қорғаныс, транзит және көлік, ауыл шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау, ғылым мен мәдениет саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының ұзындығы 458 шақырымды құрайды.

Ағымдағы жылы 6 мыңға жуық жүк көлігі Түрікменстан шекарасынан өтіп, бізге келіп кері қайтқан. Соңғы бес жылда шекара аумағында бірде-бір құқық бұзушылық орын алмаған. Бұл өз кезегінде екі ел арасындағы сыйластық қарым-қатынасына оң әсер етті және біздің теңгерімді сыртқы саясатымыздың дұрыстығын дәлелдеді.

Қазақстан мен Түрікменстан мемлекеттерінің қарым-қатынасы сапалы жаңа деңгейге көтерілді, экономика, сауда аясы кеңіді, өңіраралық және мәдени-гуманитарлық байланыстары дамыды.

Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасында Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау екі мемлекеттің тең құқықтығы мен өзара сенімді серіктестігін одан әрі дамытуға өз септігін тигізеді, тиімді әріптестік жүзеге асырылады, қалыпты сыртқы және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Аталған заңды толығымен қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, бұл келісім Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы мемлекеттік шекараға қатысты құқықтық қатынастарды реттеуді көздейді. Атап айтқанда, келісім арқылы мемлекеттік шекараны күтіп ұстау, адамдар мен көлік құралдарының шекараны кесіп өтуі және шекара арқылы жүктер мен өзге мүлікті өткізу тәртібі айқындалады. Сондай-ақ құжатта мемлекеттік шекарада, шекаралық белдеулер мен сулар шегінде кәсіпкерлік, балық аулау немесе басқа да қызметті жүргізу, қоғамдық-әлеуметтік іс-шаралар өткізу мәселелері қамтылған.

Алдағы уақытта заң екі ел арасындағы достық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Республики Казахстан Жамаубаеву.

«Настоящим депутатским запросом поднимаются вопросы необходимости совершенствования законодательства о миграции населения, в частности деятельности бизнес-иммигрантов.

В соответствии со статьей 34 Закона «О миграции населения» бизнес-иммигранты – иммигранты, прибывшие с целью осуществления предпринимательской деятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Согласно статье 40 закона запрещается создание юридического лица и участие в уставном капитале коммерческих организаций путем вхождения в состав их участников

иностранцам, не получившим визы на въезд в качестве бизнес-иммигрантов. Указанное требование не распространяется на граждан стран – участниц Евразийского экономического союза.

В большинстве случаев иностранцы регистрируют на себя юридические лица без получения визы бизнес-иммигранта. К сведению, по республике зарегистрировано более 18 тысяч юридических лиц с участием нерезидентов, из которых более 10 тысяч граждан из стран ЕАЭС, остальные 7,5 тысячи резиденты других стран.

Между тем из 7,5 тысячи иностранцев визу на въезд в качестве бизнес-иммигранта получили только 1,1 тысячи лиц, остальные 6,4 тысячи не имеют этой визы.

Следует отметить, что в основном граждане третьих стран после создания юридического лица покидают страну, а созданные ими компании используются в схемах по выписке фиктивных счетов-фактур, уклонению от уплаты налогов и выводу средств в теневой оборот.

К сведению, у бизнес-иммигрантов без виз имеется задолженность у 198 компаний на сумму более 4 миллиардов тенге, более 1500 отсутствуют по месту регистрации, порядка 2000 фирм бездействуют. И это неполноценная картина.

Согласно пункту 9 нормативного постановления Верховного Суда органы государственных доходов вправе предъявлять иски о ликвидации юридического лица в связи с допущенными при его создании нарушениями законодательства, которые носят неустранимый характер. Одним из таких нарушений является неполучение иностранцем, создавшим юридическое лицо, визы бизнес-иммигранта. Однако органами государственных доходов меры по признанию государственной регистрации обозначенного юридического лица не принимаются повсеместно в областях и городах республиканского значения.

В целом, несмотря на требования Закона «О миграции населения», территориальные подразделения НАО «ГК «Правительство для граждан» регистрируют юридические лица на иностранцев без визы бизнес-иммигранта, ссылаясь на отсутствие оснований для отказа в профильных нормативных актах.

Статьей 11 Закона «О государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств» не предусмотрено основание отказа в регистрации юридического лица при отсутствии у учредителя-нерезидента визы бизнес-иммигранта.

Сложившаяся ситуация способствует созданию иностранными гражданами на нашей территории сомнительных юридических лиц, которые в последующем используются в схемах по выводу денежных средств в теневой оборот.

Кроме того, согласно Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2023 – 2027 годы планируется преобразование Казахстана в востребованный объект вложения инвестиций для создания современных конкурентоспособных производств и предприятий сферы услуг, в том числе в приоритетных отраслях, с разработкой специальных кейсов, через призму бизнес-иммиграции. Однако с проблемными вопросами, приведенными выше, маловероятно, что это сработает.

На основании изложенного для разрешения вышеуказанных вопросов предлагается рассмотреть следующие пути решения.

1. Усилить ведомственный контроль по вопросам налогообложения и миграции бизнес-иммигрантов.

2. Провести аудиторские проверки компаний и фирм с непосредственным участием бизнес-иммигрантов по всей стране на предмет налоговых платежей и законности ведения деятельности.

3. Инициировать законодательные поправки по совершенствованию механизма регулирования правоотношений с бизнес-иммигрантами.

Полный текст депутатского запроса прилагается.

С уважением, Лукин».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНІСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында агроөнеркәсіптік кешендегі жүйелі проблемалардың негізі кәсіби кадрлардың тапшылығы, сондай-ақ аграрлық ғылымды дамытудың төмен деңгейі болып табылатыны туралы айтқан болатын.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің қызметі Мемлекет басшысының ғылыми кадрларды даярлау бойынша қойған міндеттерін іске асыруға бағытталған. Университет құрылымында Солтүстік Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша кадрлар даярлауда лайықты орын алатын С. Сәдуақасов атындағы агротехникалық институт жұмыс істейді.

Институт ғалымдары ауыл шаруашылығы министрлігін бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруға және ғылым мен жоғары білім министрлігін гранттық қаржыландыру шеңберінде ғылыми-техникалық жобаларды орындауға қатыса отырып, ғылыми қызметпен белсенді айналысады.

Аталған университет Көкшетау қаласынан 20 шақырым жерде Зеренді ауданының Шағалалы ауылында орналасқан Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Көкшетау тәжірибелік-өндірістік шаруашылығымен белсенді түрде бірлесіп қызмет атқарады. «Көкшетау тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы» ЖШС көпжылдық жемшөп дақылдары мен картопты іріктеу, топырақ құнарлылығын арттыру мен молайтудың ғылыми-практикалық тәсілдерін әзірлеу және жетілдіру, сондай-ақ әртараптандыру дақылдарын өсіру технологиясы саласындағы ғылыми зерттеулермен айналысады.

Бұл шаруашылықтың миссиясы Солтүстік Қазақстанда өсімдік шаруашылығын дамыту бойынша ғылыми-техникалық қызметтер көрсету, және ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің ресурс үнемдейтін технологиясын әзірлеу болып табылады.

Негізгі жетістіктері: ғалымдар көпжылдық шөптердің 15 жаңа сортын, картоптың 7 түрін өсірді, өнертабыстарға Қазақстан Республикасының 21 патентін алды, 51 ұсынымдар мен монографиялар дайындады, ғылыми еңбектердің 12 жинағын шығарды, сондай-ақ жас ғалымдар министрліктің «Жас ғалым» гранттарын алды. Оқу және ғылыми ұйымдардың қабырғасында 5 ғылым докторы, 27 ғылым кандидаты және 9 Ph.D докторы бірлесіп дайындалды. Олардың көпшілігі бүгінгі таңда Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде магистранттар мен докторанттардың жетекшілері бола отырып ғылыми-педагогикалық қызмет атқаруда.

Университет студенттері мен магистранттары кәсіптік практиканың барлық түрлерінен тәжірибелік-өндірістік шаруашылықта өтеді, жыл сайын университет магистранттары, докторанттары мен ғалымдары диссертациялық жұмыстар мен гранттық қаржыландыру жобалары шеңберінде далалық тәжірибелерін өткізеді.

Университет ғалымдары мен ғылыми және өндірістік инфрақұрылымы бар Көкшетау тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы қызметкерлерінің бірігіп қызмет етуі жаңа технологиялардың трансферті және оларды отандық жағдайларға бейімдеу бойынша зерттеулер жүргізуге, егіс және егін жинау, «ақылды суару» үшін оңтайлы уақытты болжаудың заманауи технологияларына минералды тыңайтқыштарды енгізудің және өнімнің сапасы мен экологиялық тазалығын сақтауды қамтамасыз ету барысында қолда бар ресурстарды тиімдірек пайдалана отырып, оларды отандық жағдайларға бейімдеу бойынша зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Әлихан Асханұлы, сізден Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Көкшетау тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы» ЖШС-ін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің балансына немесе сенімгерлік басқаруына беру мүмкіндігін қарастыруға ықпал етуді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар Т. Жүнісов, Н. Бекенов».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Келесі сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Ауыл шаруашылығы саласын сумен қамтамасыз ету және суармалы жерлердің тозуының алдын алу, ауылдық жерлерде шағын және орта бизнесті дамыту, сондай-ақ трансшекаралық өзендерден су алу жүктемесін азайтумен қатар экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында Үкімет тарапынан біршама жұмыстар атқарылды. Алайда Үкімет пен халықаралық қаржы ұйымдарының арасында жасалған келісімдерде көзделген қаржының уақытында бөлінбеуі мен оларды іске асыру мерзімдерінің қайта-қайта шегерілуі, оған қосымша мердігерлердің жауапсыздығы алға қойған мақсаттардың жүзеге асырылуына күмән келтіріп отыр.

Бірінші. Үкімет оңтүстік өңірлерде (Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстары) 2014 жылы «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру, реконструкциялау және дамыту» жобасы аясында Халықаралық қайта құру және даму

банкiмен жасалған келiсiмге сәйкес жоба 2021 жылы аяқталуы керек болатын. Бiрақ республикалық бюджеттен қаражаттың жүйелi түрде толық бөлiнбеуiнен оның мерзiмi 2024 жылдың соңына дейiн ұзартылды. Нәтижесiнде төрт облыстағы он бiр жобаның екеуi ғана аяқталып, қалған тоғыз жобаның жұмыстары әлi созылуда. Соның салдарынан жоспардағы 105 мың гектардың 10 мың гектары ғана ағын сумен қамтамасыз етуге толық мүмкiндiк алды.

Биылға осы жұмыстарды аяқтауға сұралған 20,3 миллиард теңге қаржының тек 7,2 миллиард теңгесi қолдау тапты. Бұл жобаның толық iске асырылуы тағы да екi-үш жылға созылады деген сөз. Бұл шешiм күттiрмейтiн мәселе екенiн ескеруiңiздi сұраймын.

Екiншi. Қазiргi кезде Жамбыл облысының бес ауданында (Байзақ, Жамбыл, Жуалы, Меркi, Қордай) Еуропа қайта құру және даму банкiнiң қарызы есебiнен 54 мың гектар алқапта жалпы құны 30,9 миллиард теңгенi құрайтын «Жамбыл облысының суару арналарын, дренаждық жүйелерi мен құрылыстарын реконструкциялау» жобасы жүзеге асырылуда.

Бүгiнге қаржының 45 пайызы игерiлiп, 24 мың гектар алқап қалпына келтiрiлдi, қалған 30 мың гектар жердi қалпына келтiру жыл соңына дейiн тағы да шегерiлдi. Қазiргi уақытта кестеден артта қалу және қажеттi қаржының болмауынан «тапсырыс берушi» Экология және табиғи ресурстар министрлiгi мен «мердiгерлер» арасында келiсiмшарттарды бұзу процедурасы қолға алынған. Бұл жұмыстың тоқтауына әкелiп, халықтың наразылығын тудыратыны анық.

Үшiншi, Жамбыл облысында суармалы жердiң көлемi 181,8 мың гектарды құраса, оның 89,1 мың гектары (45 пайыз) нормативтерге сәйкес сумен қамтылған, ал 15 мың гектары 30-40 пайызға дейiн қамтылса, қазiр 77 мың гектары тәлiми алқап ретiнде пайдаланылуда.

Осыған байланысты облыста суармалы алқаптарды қалпына келтiру жол картасы 2019 жылы басталып, 257 су нысанын жөндеу арқылы 55 мың гектарды айналымға қосу жоспарланған. Бүгiнгi күнi 43-iне жобалық-сметалық құжаттама сараптаманың қорытындысымен әзiрлендi, 206-ы қазiр дайындалуда. Алайда қаржы тапшылығы аталған жол картасын iске асыруға мүмкiндiк бермей отыр.

Ауыл халқының басым көпшiлiгi орналасқан оңтүстiк өңiрлерде тұрғындардың негiзгi табысы суармалы жерлердi игерумен тығыз байланысты екенi белгiлi. Сондықтан жоғарыда аталған жобалардың iске асырылуы тек экономикалық тұрғыда емес, әлеуметтiк тұрғыда да маңызды екенiн мен алға тартқым келедi.

Жоғарыда айтылғандардың негiзiнде Үкiметтен:

1) 2014 жылдан берi созылып келе жатқан Халықаралық қайта құру және даму банкiмен келiсiмге тұрған «Ирригациялық және дренаждық жүйелердi жетiлдiру, реконструкциялау және дамыту» жобасын аяқтауға байланысты нақты шаралар қабылдап, тиiстi қаражат көздерiн қарастыруды;

2) Еуропа қайта құру және даму банкiнiң қарызы есебiнен «Жамбыл облысының суару арналарын, дренаждық жүйелерi мен құрылыстарын реконструкциялау» жобасы бойынша жүргiзiлiп жатқан су нысандарындағы құрылыс-монтаждау жұмыстарын қатаң бақылауға алып, тиiстi шара қолдана отырып вегетациялық кезеңге дейiн аяқтауға ықпал етудi;

3) Жамбыл облысындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған суармалы алқаптарды қалпына келтіру жол картасы аясында әзірленген сметалық құжаттарға сәйкес су нысандарының құрылысына республикалық бюджеттен қаржыландыру мүмкіндігін қарастыруды сұраймыз.

Сауал жазбаша толық мәтінде қосымша тағы берілетін болады.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар Арубаев, Орынбеков, Дүйсембинов, Жөргенбаев, Кузиев».

Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, әріптестер! Регламентті сақтауларыңызды сұраймын.

Келесі сөз депутат Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Жұманғарин Серік Мақашұлына жолданады.

Депутаттық сауал әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының құнын қалыптастырудың негізділігі тұрғысынан елдің ірі көтерме сауда нарықтарының қызметіне қатысты.

«Құрметті Серік Мақашұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкіметке «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұрудың қазіргі тетіктерінің тиімділігін бағалау және жаңа әрі тиімді шаралар топтамасын ұсынуды тапсырған болатын. Алайда қазіргі уақытта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының өзіндік құнының өсуін тежейтін құралдардың бірі – баға шектерін енгізу болып тұр.

«Сауда қызметін реттеу туралы» Заңның 9-бабына сәйкес үстемеақы өндірушінің сату бағасының 15 пайызынан аспауы тиіс. Дегенмен бұл талап барлық жерде сақталмайды.

Өндірушіден соңғы тұтынушыға дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының құны он есе негізсіз өсу фактілері бар, бұл ретте айырмашылықтың басым үлесі азық-түлік дүкендеріне тиесілі болды. Мысалы, «Magnum» гипермаркетінде қанттың бағасы 500 теңге болса, тұрғын үйлерде орналасқан дүкендерде бұл тауардың құны 900 теңгеге дейін жетеді.

Бағаның көтерілу себебі әкімдіктердің сауда қызметіне тұрақты мониторингінің болмауына байланысты деп санаймын. Сонымен қатар сатушылар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сауда үстемелерінің мөлшерінен асып кетуге жол берілмейтіндігі және сол үшін белгіленген әкімшілік жауапкершілік талабын бұзғаны туралы хабардар болмауы мүмкін. Кәсіпкерлердің көпшілігі сауда қызметі саласында заңдардың бар екендігі туралы білмейді, білсе де ескермейді.

Белгілі бір кезеңдерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жекелеген атауларының бағасын төмендетуге және оларды бұрынғы деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік туды. Алайда бүгінгі күні әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының құнының өсуі әлі де байқалады, сауда субъектілері жағдайды пайдалана отырып қажетті өнімдерден қосымша табыс табады.

Айта кету керек, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қымбаттауын тежеу бойынша шаралар мен алгоритмдерді әзірлеу Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатады. Осыған орай Сауда және интеграция министрлігі облыстардың, қалалардың әкімдерімен бірлесіп бөлшек сауда үстемесінің сақталуына мониторингті күшейтіп, қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыруы тиіс.

Нарықтық тетіктерге сәйкес келетін азық-түлік бағасын тежеу бойынша түбегейлі жаңа тәсілдерді әзірлеу қажет. Осы тауарларды нарыққа шығарудан бастап түпкілікті тұтынушыға сатуға дейінгі бүкіл сауда процесін цифрландыру қажет деп ойлаймын.

Құрметті Серік Мақашұлы! «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес сізден жоғарыда көтерілген мәселе бойынша толық жазбаша жауап беруді сұраймын».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Депутаттық сауалым Маңғыстау және ішінара Атырау облыстарында кеңінен таралған қазақтың «Адай» жылқысын дербес тұқым ретінде сынау мәселесіне қатысты болмақ.

«Әлемде қазақтар сияқты мемлекеттілікті қорғау мен қалыптастыруға қосқан баға жетпес үлесі үшін жылқыға қарыздар бірде-бір ұлт жоқ шығар. Белгілі бір дәрежеде жылқы малының қадір-қасиетінің арқасында өзіміздің теңізге шығар жолымызды, байлық пен әлемдік сауда, өркениетке барар бағытымызды қамтамасыз еттік десек те болады. Алайда тәуелсіздік алғанымызға отыз жылдан аса уақыт өтсе де әлі күнге дейін ұлы даламызда жүрген ұлттық құндылық болып саналатын жылқы жануарына тиісті баға бере алмай келе жатқанымыз өте өкінішті.

Қазақтың «Адай» жылқысы атадан мұраға қалдырылған төл түліктерінің бірі. Қазіргі таңда аталған жылқы түрі дербес ұрпақ тобы ретінде қалыптасып үлгерді. Бұл жылқылар Маңғыстау облысының қатал климаттық жағдайларына өте жақсы бейімделуімен ерекшеленеді және ыстық, құрғақ климатқа шыдамды, сондай-ақ ұзақ қашықтыққа жүгіруге өте төзімді болып келеді. Ежелден бері халқымыз оның биологиялық ерекшеліктерінің және жұмысқа деген жоғары қабілетін, төзімділігін кәдеге жарата білген.

Оның генотиптік және фенотиптік шығу тегі XIX ғасырдағы әр елдің саяхатшылары мен ғалымдарының ғылыми-өндірістік зерттеу нәтижелерімен толық айқындалған.

Табиғатының шыдамды болуына орай ұзақ қашықтықтағы халықаралық жарыстардың жеңімпаздары болып жүргені бәрімізге мәлім. Елімізде алғаш рет ұйымдастырылған 1 мың 200 шақырымдық «Ұлы дала жорығы» атты он екі күндік аламан жарыс марафонындағы жеңісі оның айқын дәлелі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылғы 7 қарашада Маңғыстау облысына жұмыс сапары кезінде қазақтың «Адай» жылқысының жетістіктерін

ескере отырып, Үкіметке қазақ халқының ұлттық бренді деп тану мақсатында тиісті шараларды қабылдауды тапсырған болатын. Бұл бағытта Маңғыстау облысы әкімдігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі арасында бірқатар хат алмасу жұмыстары да жүргізілді. Ресми хаттарға формалистік бюрократиялық жауаптар алынды, бірақ мәселе бір орнынан қозғалған жоқ. Нәтижесінде мемлекет басшысының тапсырмасы белгісіз себептермен іске асырылмай отыр.

Айта кету керек, «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-2-бабына сәйкес еліміздің жылқы шаруашылығы саласында тек екі палата жұмыс істеуге міндетті. Біріншісі спорттық бағыттағы зауыттық тұқымдар бойынша болса, екіншісі өнім бағытындағы (ет, сүт бағытындағы) жылқылардың жергілікті тұқымдары бойынша болуы тиіс. Алайда қазіргі таңда өнім бағытындағы жылқылардың жергілікті тұқымдары бойынша төрт палата жұмыс істейді. Осындай палаталардың көп болуының салдарынан жылқы тұқымдарына берілген «тайпалық мәртебелер» мен «куәліктер» жарамсыз деп есептеледі. Сондықтан «дара тұқым» деп тануға ұсынылған жылқылар пайдаланушылық деңгейдегі жылқылар болып қала беруде.

Қазіргі таңда «Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген экспедициялық зерттеу нәтижелері бойынша «Адай» типтік жылқысының саны 90 мыңға жуық басты құрайды.

Аталған жылқыларды өз бетінше дара тұқымға сынау мақсатында институттың ғалымдары үшін үш өнім зауыты желісі құрылған болатын. Жалпы селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстар жүргізуге 2022 жылы институт өзінің бюджеттен тыс қаражаты есебінен 20 миллион теңгеге дейін бөлді. Бөлінген қаражат қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін жеткіліксіз болып отыр.

Негізінде селекциялық шараларды ұйымдастыруға кемінде 300 миллион теңге көлемінде қаражат қажет. Өйткені тек қана SNP арқылы генотиптеу жүргізуге 1 мың 800 басты референттік топқа бөлу үшін орта есеппен 160 миллион теңгеден астам қаржы жұмсалады.

Туындаған қиындықтарға қарамастан жылқы шаруашылығымен айналысатын азаматтардың күш-жігерлерінің арқасында қазіргі таңда «Есболай жирен», «Есболай торы» және «Амандық торы» секілді қазақтың «Адай» жылқыларының генеалогиялық желілері 2010 жылы сынақтан өтіп патенттелді. Бұған қоса елімізде бірнеше рет кешенді бағалау стандарттары жүргізілген болатын. Сондықтан бұл жылқыға дара тұқым мәртебесін беруге жаңадан зауыттық селекция жолымен шығарылған жылқы тұқымына қойылатын талаптарды қоюдың ешқандай негізі жоқ. Нақтырақ айтқанда «дара тұқым» деп тануға толық объективті алғышарттар бар.

Өкінішке қарай, жылқы шаруашылығы саласындағы ынталы азаматтар спорттық бағыттағы «Ақалтеке», «Араб», «Ағылшын» секілді өзге елдің жылқыларын және олардың тұқымаралық будандарын пайдаланып, дамытып келе жатыр.

Күні бүгінге дейін қазақ жылқысы тұқымының ішінде «Адай» жылқысының «тұрпат» түрінде жүргені бәрімізге мәлім. Халықаралық аренаға шығару үшін «дара тұқым» мәртебесін беру қажет. Алайда статус беру мәселесі шешілмегендіктен жылқы өсірумен айналысатын әуесқой азаматтар тарапынан қазақ жылқыларын сатып алуға және оны асылтұқымды мал ретінде дамытуға сұраныстар болмай отыр.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда аталған мәселе қазақ халқы үшін әлеуметтік тұрғыдан өте өзекті, ал қазақтың «Адай» жылқысы халықтың мақтанышы екендігін ескере отырып, келесі шараларды қарастыруды сұраймын:

1) қазақтың «Адай» жылқысын өз алдына «дара тұқым» деп танып, ресми «тұқым» мәртебесін беруді қарастыруды;

2) жылқы шаруашылығы жөніндегі республикалық палаталардың қызметін ретке келтіруді;

3) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тарапынан халықтық селекция жолымен дүниеге келген «Қазақ бактриан» түйесі, «Еділбай» қойы және тағы басқа тарихи мал тұқымдары сияқты қазақтың «Адай» жылқысының еш кедергісіз таралу аймағын белгіледі;

4) қазақтың «Адай» жылқысы тұқымының асылтұқымдық және спорттық қасиеттерін жетілдіруге, сондай-ақ халықаралық нарыққа шығаруға бағытталған пәрменді ғылыми-техникалық бағдарлама әзірлеп жүзеге асыруды қолға алуды сұраймыз.

Депутаттық сауалға «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес толық жазбаша жауап беруіңіз сұралады».

Сенат депутаттары Орынбасаров, Алдашев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 20 сәуір

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Туркменистана о режиме казахстанско-туркменской государственной границы», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі

А.Г. САТВАЛДИЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности САТВАЛДИЕВА А.Г. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. 3

АЛДАЖҰМАНОВ Е.Е. – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры, заместитель Председателя Комитета национальной безопасности Республики Казахстан – Директор Пограничной службы 3

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. 4

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. 5

АЛДАЖҰМАНОВ Е.Е. 5

НҰРМҰХАМБЕТОВ Ғ.Т. 6

АЛДАЖҰМАНОВ Е.Е. 6

КЕҢБЕИЛ Д.М. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан 7

САРЫБАЕВ Ғ.Т. 8

Депутат А.И. ЛУКИНИНҚ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Е.К. Жамаубаевқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к заместителю Премьер-Министра – Министру финансов Республики Казахстан Жамаубаеву Е.К. 9

Депутат Т.Т. ЖҮНИСОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖУНИСОВА Т.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 11

Депутат С.Қ. АРУБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АРУБАЕВА С.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 12


Депутат Қ.Қ. ТАСТЕКЕЕВТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі С.М. Жұманғаринге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ТАСТЕКЕЕВА К.К. к заместителю Премьер-Министра – Министру торговли и интеграции Республики Казахстан Жумангарину С.М. 14

Депутат Б.Т. ОРЫНБАСАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ОРЫНБАСАРОВА Б.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 15

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

 А. Əлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы

 Г. Молдашева